

Пікір

«Менің оқу ордам»

Жоғарғы оқу орынан таңдау – әрбір адам үшін маңызды шешім. Себебі, атағы жер жарған танымал болса да, білім сапасы төмен оқу орындары көптеп кездеседі. Мен таңдаған мамандығыма сәйкес көптеген университеттер арасынан Павлодар Педагогикалық Университетін таңдадым. Қазіргі де университет атауы Ә.Марғұлан атындағы Павлодар Педагогикалық университеті.

Қазіргі кезде университетте 4 Жоғарғы мектеп (факультет) және колледж қызмет атқарады. Әр жоғарғы мектепте жоғарғы дәрежедегі мамандандырылған оқытушылар мен профессорлар білім беруде. Жоғарғы мектептердің өзіндік орны мен тарихы бар, бірі екіншісінің орнын баса алмайды. Жоғарғы мектептердің түлектері қазіргі кезде еліміздің білім саласында және басқа да салаларда қызмет атқаруда. Сонымен қатар негізгі факультеттермен бірге колледж еліміздің білім саласына қызмет етуде. Университет шетел оқу орындарымен же жұмыс істейді. Жыл сайын университет студенттері академиялық ұтқырлық бойынша ТМД және Еуропа елдеріне 1 семестрге оқуға барып, өз білімдерін толықтыруда.


Сырттай талдау жасасақ университетімеің артықшылықтары көп. Соны бірі университет жатақханасы. Жатақхана студенттер үшін білім сапасынан кейінгі назар аударатын маңызды дүние. Университетте 3 жатақхана бар, олардың барлығы өмір сүруге ыңғайлы барлық қажеттіліктермен қамтамасыз етілген. Тағы бір артықшылығы университеттің орналасқан орны. Аталған артықшылықтары менің бұл университетті таңдауыма деген сенімімді нығайта түсті.

Мен Ә.Марғұлан атындағы Павлодар Педагогикалық Университетінде 6 (бакалавриат және магистратура) жыл білікті, өз ісінің мамандарынан білім алдым. Студенттік жылдар ең қызықты, маңызды, жылы естеліктерге толы және жақын болашаққа жол ашар уақыт. Университет қабырғасында көптеген достарымды кездестірдім. 6 жыл уақыт ішінде еліміздің табиғаты әсем, әдемі, тарихи қаласы – Павлодардың тарихымен, ерекшеліктерімен танысуға мүмкіндік алдым. Осындай керемет сәттер мен жарқын естеліктер сыйлаған университетіме алғыс білдіремін.

Болашақ түлектерді оқу ордамда білім алуға сенімді түрде шақырамын.

Педагогика ғылымдарының магистрі

Ә.Марғұлан университетінің түлегі



Мұхамбетәлиева Зухра